

САТИЕВА М.Т., САПАБЕКОВА Д.О.
Ж. Мунис атындағы Қазақстан педагогикалық колледжі
САТИЕВА М.Т., САПАБЕКОВА Д.О.
Қазақстанский педагогический колледж имени Ж. Муниса
SATIEVA M.T., SARABEKOVA D.O.
Kazakhstan Pedagogical College named after J. Munis

«ЖАШЫЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ» ӨНУКТҮРҮҮДӨ МАМЛЕКЕТТИК ЖӨНГӨ
САЛУУНУН РОЛУ

«ЖАСЫЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ» ДАМЫТУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ
РӨЛІ

РОЛЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ В РАЗВИТИИ «ЗЕЛЕННЫХ
ИНВЕСТИЦИЙ»

THE ROLE OF STATE REGULATION IN THE DEVELOPMENT OF «GREEN
INVESTMENT»

Қысқача мүнөздөмө: Бул мақалада «Жашыл экономикаға» өтүү идеясынын артықшылықтары көрсөтүлгөн. Ресурстарды, айлана-чөйрөнү жана экономикалық өнүгүүнүн туруктуу жолун сақтоого көмөктөшүүчү инновациялық технологияларға инвестициялардын ортосунда байланыш түзүлді. «Жашыл инвестициялар» үчүн тоскоолдуктарды жоюуда мамлекеттік жөнгө салуунун ролу көрсөтүлді.

Аннотация: В статье показаны преимущества идеи перехода к «зеленой экономике». Установлена связь между инвестициями в инновационные технологии, способствующие сохранению ресурсов, окружающей среды, и устойчивым экономическим развитием. Показана роль государственного регулирования в устранении барьеров для «зеленых инвестиций».

Abstract: This article highlights the advantages of the idea of switching to a «green economy». A link has been established between investments in innovative technologies that contribute to the preservation of resources, the environment and a sustainable path of economic development. The role of state regulation in removing barriers to «green investment» is shown.

Annotaciya: Бұл мақалада «Жасыл экономикаға» көшу идеясының артықшылықтары көрсетілген. Ресурстарды, қоршаған ортаны сақтауға және экономикалық дамудың тұрақты жолына ықпал ететін инновациялық технологияларға инвестициялар арасында байланыс орнатылды. «Жасыл инвестицияға» кедергілерді жоюдағы мемлекеттік реттеудің рөлі көрсетілген.

Негизгі сөздөр: жашыл экономика; инвестициялар; экологиялық кризис; субсидиялар; инновация; қайра жаралбаған ресурстар.

Ключевые слова: зеленая экономика; инвестиции; экологический кризис; субсидии;

инновации; невозобновляемые ресурсы.

Keywords: the green economy; investments; ecological crisis; subsidies; innovations; non-renewable resources.

Кілт сөздер: жасыл экономика; инвестиция; экологиялық дағдарыс; субсидиялар; инновациялар; қалпына келмейтін ресурстар.

Соңғы жылдары «жасыл экономика» идеясы тек экологтардың ғана емес, сонымен қатар түрлі саяси форумдарда да кеңінен талқыланатын басты мәселеге айналып отыр. Оны мемлекет басшылары мен қаржы және экология мен қоршаған ортаны қорғау министрлері де басты назарда ұстауда. Бұл туралы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы жарлығында көрсетілген. Қазақстан энергияны көп қажет ететін экономикасы бар ел болып табылады, сондықтан бүгінгі күні тұрақты ұзақ мерзімді даму жолына өту үшін жаңғыртылатын энергия көздеріне көшу және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін кешенді түрде шешетін «Жасыл экономика» тұжырымдамасын іске асыруда. 2050 жылға қарай балама және жаңартылатын энергияны пайдалану үлесінің 50%-ына қол жеткізу мақсаты қойылып отыр.

Қазақстан Париж келісіміне қосылып, парниктік газдар шығарындыларын 2030 жылға дейін 15%-ға төмендетуді мақсат етіп қойды, осының негізінде жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК), энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін дамыту үшін заңнамалық және экономикалық тетіктер құрылды. 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде жиынтық қуаты шамамен 300 МВт ЖЭК-ті пайдаланатын 50-ге жуық кәсіпорын жұмыс істейді, олардың 2016 жылы өндірген электр энергиясының үлесі 1%-ды құрады.

Халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігі қалаларда 82%-дан 88%-ға дейін, ал ауылдық елді мекендерде 42,5% -дан 52,3% -ға дейін өсті. Қоршаған ортаның жай-күйіне байланысты проблемалар әлі шешілмеуде: жерлердің тозуы, су ресурстарының тапшылығы, қалаларда ауа ластануының жоғары деңгейі, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату. Бұл жерде таза өндіріс пен жаңартылатын энергия көздеріне көшу жалғасуда. Қалдықтарды кәдеге жарату, көмірқышқыл газы шығарындыларына арналған квоталарды сақтау мәселелерге байланысты бизнес пен үкіметке көп қысым көрсетіліп отыр. Бұл бизнесті жасыл технологияларды іздеуге, әзірлеуге және енгізуге ынталандырады.

Таза ауа мен таза ауыз суға қол жеткізу сияқты базалық өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету аса маңызды проблема болып қалып отыр. Мысалы, 2025 жылға қарай 1,8 млрд адам су ресурстары мүлдем тапшы елдерде немесе өңірлерде тұратын болады, ал әлем халқының үштен екісі су режимі шиеленіскен жағдайда болуы мүмкін.

Жасыл экономика және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат халықтың өмір деңгейінің өсуі үшін дамудың экологиялық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, баламалы энергия көздерін дамытуға; Қазақстанның су және жер ресурстарының сапасын арттыруға; ауа сапасын жақсартуға; қалдықсыз экономиканы дамытуға және биологиялық алуандықты сақтауға бағытталған. Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру, сондай-ақ жасыл қаржыландыру қағидаттарын енгізу маңызды бағыт болып табылады, бұл ЖІӨ-нің энергия сыйымдылығын қысқартуға мүмкіндік береді [1].

Жасыл экономика – адамның Жер ресурстарына жауапкершілікпен қарауын көздейтін экономикалық даму моделі. Ол әл-ауқаттың өсуі мен табиғи ресурстарды сақтау арасында тепе-теңдікті сақтауға, яғни қазіргі уақытта сарқылуға ұшырайтын ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономика өткен ғасырдың аяғында экономиканың бір саласы ретінде пайда болып, табиғат пен қоғамға қатысты экологиялық экономика, ресурсқа негізделген экономика, халықты дамыту және жасыл саясатқа қатысты экономика сияқты экономикалық ғылым мен философияның көптеген басқа салаларындағы идеяларды қамтиды. Ендеше, экономикалық жүйе тұрғысынан бұл стратегияның басты мақсаты – ғаламшарымыздың экологиялық тұрақтылығын сақтай отырып, экономиканың барлық салаларын дамыту [2].

Жасыл экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары бар. Бірінші бағыт – жаңартылатын энергия көздерін енгізу. Дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі болып саналатын мұнай мен газ – сарқыллатын ресурстар. Сондықтан да өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет.

Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі. Қалалық тұрғын үй қорының маңызды бөлігі кеңестік дәуірден кейінгі уақытта салынғандықтан, тұрғын үй кешендерінің көпшілігі тиімсіз жылу изоляциялық құрылымдармен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықталған, ол маңызды жылу шығындарына алып келеді. Бүгінгі күні Қазақстанда жылумен қамтамасыз ету аспаптарының жұмысының істен шығуы саласындағы іс-шараларды жүзеге асыратын энергия сервистік компаниялары әрекет етеді.

Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы. Бұл бағыттың басты мақсаты – әр түрлі азық қоспаларынан, синтетикалық тыңайту өнімдерінен бас тарту, дақылдық өсімдіктердің шығымдылығын, өсуін қамтамасыз ету үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды:

- Жердің құнарлығын басқару;
- Суды ұтымды пайдалану;
- Өсімдіктер мен жануарлардың денсаулығын басқару;
- Фермаларды механикаландыру.

Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Қалдықтарды басқару мәселесі дүние жүзінде ерекше танымалдылыққа ие. ЭДЫҰ елдерінің алдыңғы қатарлы практикасын есепке ала отырып, «құрғақ» және «дымқыл» және басқа түрлері қағидаты бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚК) бөлек жинауды; қоқыс шығаратын компаниялардың пресс-компакторы бар сұрыптау желілерін орнатуын, қайталама өнім, энергетикалық ресурстар (биогаз, электр қуаты), компос алумен, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша объектілерді салуды қамтитын тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚК) кәдеге жарату жөніндегі жүйелік шаралар қабылданады[3]. Бағдарлама шеңберінде ТҚК кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасалады, өңірлер ішінде және арасында қалдықтарды сұрыптау мен қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар арасында, ынтымақтастық орнатылады. Бұдан басқа, халықтың экологиялық жағдай жөнінде хабардар болуын арттыру бойынша ақпараттық компания ұйымдастырылады.

Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін дамыту және жетілдіру. Елдің су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және қорғау үшін ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және коммуналдық секторда су үнемдеу бойынша жүйелік шаралар әзірленеді және енгізіледі. Ауыл шаруашылығында жалпы су тұтынуды төмендету; заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу; жабық топырақты аудандардың үлесін ұлғайту; ірі инфрақұрылымдық объектілерін – каналдарды, су қоймаларын қалпына келтіру, оларды ұстап тұру үшін меншік құқықтары мен жауапкершілікті анықтау бойынша шаралар жалғастырылатын болады [4].

Тұрақты және жайылма суарылатын сұранысқа ие жерлерді суару суымен қамтамасыз ету үшін ирригациялық және дренаждық желілерді қалпына келтіру жалғастырылады. Су ресурстарын мониторингілеу, оларды болжамдау және тиісінше бақылауды қамтамасыз ете отырып, басқару және суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін және мелиорациялық іс-шаралардың орындалуын мониторингілеу жүйесін жетілдіру жоспарлануда. Су ресурстары тапшылығын ұлттық сол сияқты өңірлік деңгейде қысқарту үшін трансшекаралық су ресурстары суларын бөлу, жерасты суларын пайдалану, жаңа инфрақұрылым салу, су объектілерінің су жинау алаңдарының ормандылығын ұлғайту және табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүзеге асыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Өнеркәсіптегі су ресурстарын тиімді пайдалану саясатының негізгі бағыттары энергетика, өндіру және металлургия салаларында суды үнемдеу, ағынды суларды қайта

пайдалану және айналмалы сумен жабдықтау технологияларын енгізу есебінен жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда суды пайдалануды жалпы төмендету; жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін суды жинау және тазалау стандарттарын еуропалық деңгейге дейін көтеру болады.

Алтыншы бағыт – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару.

Жетінші бағыт – «таза» көлікті дамыту. Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизелде (бензинде) жүргізіледі. Бірінші кезекте бұл парниктік газдардың жоғары шығарындыларына жағдай жасайды.

Осы тұста «жасыл экономикаға» өту бастамасын жүзеге асыруда инвестициялық тартымдылық пен жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату саласын дамыту.
2. «Ластаушы төлейді» қағидатын енгізу. Бұл шара қоршаған ортаны қорғау үшін жауапкершілікті табиғатты пайдаланушыға жүктейді.
3. Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау. Кәсіпорындардың қоршаған ортаға әсерін бағалау процесін өзгерту, «жасыл экономиканы» кеңінен ілгерілету жетістіктерін қолдау.
4. Қаржыландыру көздерін анықтау және жасыл қаржы мен инвестициялар тартуды есепке алу. Жасыл технологияларды қаржыландыру үшін халықаралық қорлар мен жеке инвестициялар, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер пайдаланылады.
5. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мен қорғау. Елдің су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру және қорғау үшін ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және коммуналдық секторда су үнемдеу бойынша жүйелік шаралар әзірленеді және енгізіледі.
6. Жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту, дәстүрлі энергия көздерін жетілдіру. Дәстүрлі энергия көздерін өндірушілерге және тұтынушыларға қолданылатын технологиялар мен өндірістік қуаттардың тиімділігін арттыру және жаңғырту, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына түсетін жүктемені азайту бөлігінде қойылатын талаптар күшейту.
7. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Эндемиялық, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерді, бірегей эталондық учаскелерді және жалпы табиғи экологиялық жүйелерді сақтаудың ең тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесінің құрылуы және жұмыс істеуі.
8. Қалдықтары аз экономиканы және эко-мәдениетті дамыту. Тиісті оқытудан өткен инженерлік-техникалық кадрларды, басқарушы персоналдың жеткілікті санын қамтамасыз ету. Қалдықтары аз экономиканы дамыту саясаты жалғастыру, халықтың эко-мәдениетін қалыптастыру [5].

Қорыта келе, әлемде өмір сүріп жатқан халықтың әл-ауқатын жақсартуға байланысты бірнеше маңызды міндеттер тұр. Мұның ішінде біз айтқан жайттардан бөлек, ғаламшарды ұстап тұрған бірқатар басымдықтар бар. Олар – су тапшылығын жою, жер бетіндегі халықтың әлеуметтік тұрмысын арттыру, энергия көзін ұтымды әрі тиімді пайдалану. Әлемдік көшбасшылар тарапынан ғаламшарды сақтауды қамтамасыз ету мен оның халқының әлеуетін арттыруға бағытталған 17 негізгі мақсат айқындалған. Қазақстан жасыл экономика принципін тек елдің ішінде ғана емес, әлемдік деңгейде де жемісті түрде енгізуде. Осы жобаны сәтті жүргізу үшін «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы қолға алынды. Мұндағы мақсат — экологияны басымдыққа ала отырып, су, жер, сол сияқты табиғи

ресурстарды тиімді пайдалану. Яғни, жергілікті халықтың жағдайын ескере отырып, жаңа экологиялық технологияларды енгізуге күш салу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Калмыков Д.Е. Жасыл экономика бойынша қысқаша нұсқаулық // ЭкоМұражай. – Қарағанды. – CINEST, 2017, 32б.

2. Дугалова Г.Н. «Жасыл экономиканың» мәні және Қазақстан Республикасындағы оның даму басымдықтары // «Тұран» университетінің хабаршысы, 2020, 40-46б.

3. Кенешбаев, Б.Ж. Қазақстандағы жасыл экономиканың жарқын болашағы // Молодой ученый, 2019, № 17.1 (255.1), с. 12-14.

4. Егорова М.С. Экологические инвестиции как путь восстановления экономики // Вестник науки Сибири, 2011, № 1(1), с. 474-479.

5. Хасенова А.К., Қуантқан Б. Жасыл экономика жолында: Қазақстанда өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқарудың тетіктерін зерделеу // «ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» ХАБАРШЫСЫ, 2023, № 1(56), 57-60б.

6. Андашев У.Т. Правовые основы устойчивого развития горных регионов и зеленой экономики // Вестник КНУ, 2023, Спецвыпуск, с. 128-132.